



6-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА

Сапалық зерттеу әдісі





Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Сапалық зерттеу әдісі

Сапалық тәсіл – сапалық деректерге жүгінетін зерттеу тәсілі. Көбінесе релятивизмге, әлеуметтік конструкционизмге және субъективизмге тиесілі болжамдармен байланысты.

Сапалық зерттеуді сандық зерттеумен салыстыратын болсақ, сапалық зерттеу хронологиялық тәртібі бойынша кейінірек пайда болған тәсіл. Сандық зерттеу тек дедуктивтік тәсілге сүйенсе, сапалық тәсіл индуктивті де, дедуктивті де тәсілдерді мойындайды. Және барлық нәрсені тек сандар арқылы беруге болмайды, оларды түсініп, оларға баға беру үшін олардың ішкі астарын түсіну керек, адамдардың сезімін, жеке жағдайлардың жекелей қаралғаны дұрыс деп есептейтін көзқарас. Ол субъективтілікті қолдайды; әртүрлі көзқарастарды және ақиқатты қабылдайды; зерттеу қатысушылардың да, зерттеушінің үстінен де үстемдік ететінін мойындайды; саяси күн тәртібіндегі сұрақтардан бойын алшақ ұстауы міндетті емес. Ол, сондай-ақ, саннан гөрі тереңдік басымдыққа ие деген сенімде және жеке адамдардың, институттардың, мәдени топтардың және тіпті күнделікті өмірдің бір бөлігі болып есептелетін қарым-қатынастарды, процестерді, өмірлік тәжірибелерді және сенім жүйелерін шынайы зерттеп, түсіну үшін қоғамдық кешендерді қазбалай отырып жұмыс істейді.

Сапалық зерттеулердің сенім тудыруы

Сапалық зерттеулердің сенім тудыра алатындай болып жазылуын қамтамасыз ету үшін мына әдістер қолданылады:

Растау немесе тексеру үшін қолданылатын әдістер:

Триангуляция – сіздің дерегіңіз шынымен рас екеніне көз жеткізу үшін тура сол деректің бірнеше дереккөздерде бірдей келтірілген, келтірілмегенін тексеру. Өйткені сіздің алдыңыздан шыққан бір дерек белгілі бір мақсаттарға сай әдейі бұрмаланып жазылған болуы мүмкін. Сол мәтінге сеніп қателікке бой алдырып алмас үшін, оны басқа дереккөздермен де салыстырып көресіз. Осылайша мәтіннің сенімділігіне көз жеткізесіз.

Қатысушыларды тексеру – оқиғалардың, жағдайлардың және құбылыстардың түсіндірілуі «инсайдерлердің», яғни ішкі жағдайдан хабары барлардың түсіндірмесіне сәйкес келетінін тексеру. Мәселен, ресми БАҚ-та қандай да бір оқиға туралы жаңсақ пікір берілуі мүмкін. Сондықтан ол ақпараттың рас екеніне көз жеткізу үшін сол оқиғаға қатысқандардың өзінен сұхбат аласыз. Немесе қандай да бір ұйым ресми түрде жалған келбетте көрінуі мүмкін де, шын мәнінде, ішкі жағдай оған мүлдем кереғар болуы мүмкін. Осындай жағдайда сол ұйымда қызмет ететін қызметкерлермен тілдескеніңіз жөн.

Әдістердің толық түсіндірілуі – оқырман зерттеуді тексере алатындай және/немесе қайта жүргізе алатындай етіп, оны жеткілікті әдіснамалық детальдармен қамтамасыз ету.

Этнография

Этнография – түсіну, сипаттау және түсіндіру мақсатында мәдени топтардың өмір сүру ерекшелігін сол топ мүшелері аясында зерттеу.

Бұл сапалық әдіснамаға жататын ең жиі кездесетін тәсіл. Этнография әлемді түсіну үшін зерттеуші сол әдемді зерттелушінің көзқарасы мен дүниетанымы тұрғысынан түсіну керек деп есептейді. Және зерттелушінің дүниетанымын түсінуге тырысады. Антропологияда бұл әдіс өте көп қолданылады және сәйкесінше жеке мәдениеттерді зерттеп, олардың дүниетанымын түсінуге ең ыңғайлы әдіс болып саналады.

Этнографиялық зерттеулер өзге мәдениетке толығымен сіңісуді талап етеді. Мәселен егер сіз қытайдағы қазақтарды зерттегіңіз келсе, болмаса оралмандарды зерттегіңіз келсе, сіз олардың арасында біраз уақыт тұрып, олардың тұрмыс-салтын зерттеуіңіз керек. Олардың тұрмыс салтын кітаптар арқылы, немесе видео материалдар арқылы зерттей алмайсыз. Тек сол мәдениетте өмір сүріп, сол мәдениеттегі басты салт-дәстүрлерге ат салысып, сол салт-дәстүрлердің не себепті солай құрылғанын түсінбесеңіз, сіздің этнографиялық зерттеуіңіз сәтсіз болды дегенді білдіреді. Ол үшін салт-дәстүрлердегі символдардың мәнін аша алуыңыз керек. Клиффорд Гирцтің қанық сипаттау әдісіне жүгінесіз. Этнографиялық деректерді жинау үшін мынандай тәсілдерге жүгінесіз:

Бақылау – Қандай да бір мәдени топты түсіну үшін кейде сауалнаманы алып қана қою жеткіліксіз болуы мүмкін. Әрбір мәдениетте сұраққа қалай дұрыс жауап беру керектігіне байланысты қалыптасқан тәртіптер болуы мүмкін. Сондықтан кейбір жағдайларды түсіну үшін сол жағдайды сырттай бақылауға болады. Сырттай бақылау кезінде, мәдени топтың мүшелері бір-бірімен түсінісу үшін қандай символикалық белгілерді қолданатынына мән беру қажет. Кейбір мәдениетте сіздің сұрағыңызды түсінбеуі де мүмкін. Міне осындай жағдайларда бақылау жүргізу әдісіне жүгінесіз.



Сұхбат алу – Бұлар әдетте терең әрі бір нақты құрылымсыз, және қатысушы бақылауымен қатар жүріп отырады, көбіне «әңгімелесу» түрінде жүргізіледі. Бұндай «сұхбаттар» ер адамдар, әйелдер, балалар, жасы үлкендер, жаңа мүшелер, негізін салушы мүшелер, т.с.с. мәдени топтың кросс-бөліктерін көрсете алатын негізгі информанттардың және/немесе жеке адамдардың қатысуымен болуы мүмкін.

Құжаттарды талдау – Кейде зерттелінушінің реаліін түсіну үшін олар өздері жазған мәтіндерді талдау жақсы жол бола алады. Зерттеліп отырған мәдени топтың табиғатына байланысты бұл зерттеу жергілікті газеттерді, телевизияны және/немесе радионы зерделеуден тұруы мүмкін. Немесе ол жергілікті өнер, поэзия және оқушылардың шығармалары, журналдар және күнделіктер, және/не докториналар мен догмаларды талдаудан тұруы мүмкін.

Сауалнама жүргізу – Сауалнама жүргізудің сұхбат алудан айырмашылығы онда сіз аяқ асты қосымша сұрақ қоса алмайсыз. Сұрақтарыңыз алдын ала жіті ойластырылған болуы керек. Және жауап берушілер сұрақтарға шынайы жауап бермеуі мүмкін болғандықтан, бұл әдіс көбіне сынға ұшырап жатады. Бірақ кей жағдайларда, бұл тәсілдің де өте тиімді болатын жағдайлары болады.

Жоғарыда этнографияның мәдени топтарды зерттейтінін айттық. Енді мәдени топтарды қалай таңдайтыны жайлы сөз етейік. Біріншіден мәдени топ деп атау үшін қандай да бір топта оның мүшелерінің бәріне ортақ бір мәдениет болуы тиіс. Мысалы, ол ұлтқа, ортақ сенімге, дүниетанымына, өмір сүру салтына қарай болуы мүмкін. Ал сондай топтардың ішінен өзіңізге керегін таңдағанда зерттеу міндеттерін, уақыттың мүмкіндіктерін және оларға қолыңыз жете алу ықтималдығын ескеріңіз. Сондай-ақ топтарды бірегей және таныс емес; дұрыс түсінілмеген немесе бұрмаланған; маргиналды және естусіз қалған деген талаптар бойынша да таңдауға да болады.

Этнографияның осал тұстары

Этнографтардың алдынан шығатын ең жиі сынның бірі ол этнография таза сипаттауға негізделген деген сын. Адам бір нәрсені көргенде, оны өз сүзгісінен өткізіп, өзгелерге сипаттап түсіндіргенде, ол сол мәдениеттің өзінің жеке тәжірибесіне сүйене отырып талдайды. Өйткені адам өзге мәдениетті зерттегенде өз дүниетанымын түбегейлі жойып тастай алмайды. Оның үстіне бір нәрсенің өзін бір мәдениеттен шыққан бірнеше адам әртүрлі жағынан көрініп, оған әртүрлі баға беріп, оны әртүрлі қабылдауы мүмкін. Сондықтан да зерттеушінің түсіндіріп отырғаны шындығында дұрыс түсіндірме ме, әлде оның жаңсақ пікірлері ме осы күдік тудырады. Осы орайда жалпы өзге мәдениетті түсіну үшін ортаға қандай да бір зерттеушіні салу дұрыс па деген де сұрақтар қойылады. Өйткені еш уақытта да екі адамның бір нәрсені қабылдауы дәл, бірдей болуы мүмкін емес болғаны сияқты, сіздің өз қабылдауыңыз зерттеушінің ойымен бірдей болмауы мүмкін. Бірақ дегенмен, этнографиялық зерттеу жүргізген болсаңыз, немесе жүргізуді жоспарлаған болсаңыз, онда осындай шабуылдарға алдын ала дайындалып, зерттеуіңіздің сенім тудыру қабілетін дәлелдей алатындай дәйектер туралы ойланыңыз.

Сапалық зерттеудің тағы бір түрі – феноменология.

Феноменология

Феноменология (Phenomenology) – құбылыстардың жеке адамның тікелей білімі мен тәжірибесінде көрініс табуына қарай оларды зерттеу. Зерттеу нысаны әлеуметтік-тарихи контекст немесе тіпті объектінің қалай болуы керек екені туралы «шындық» та емес, оның қабылдауы.

Феноменология сөзі феномен деген сөзден шығады. Феноменді қазақшаласақ, ол құбылыс дегенді білдіреді. Яғни феноменология қандай да бір құбылыстарды зерттеуді мақсат етеді. Басқаша айтқанда бір жағдайды бастан кешірген қалай болатынын зерттейді. Феноменология субъективтілікті толығымен қолдайды. Өйткені қандай да бір құбылысты тек оны басынан кешірген адам ғана дұрыс сипаттап, оған баға бере алады. Ал сырттай бақылаушылар, немесе ол туралы кітаптан оқығандар оның шынайы мәнісін түсіне алмауы мүмкін. Мысалы, кішкентай кезінде қатыгездік көрген адамның ішкі жағдайы қандай болады деген мәселені зерттейтін болсаңыз, онда осындай ауыр жағдайды басынан өткізген адамдармен араласуыңыз қажет. Зерттеуіңіз солардан алған сұхбат негізінде құрылатын болады. Дәл олар білетін, және олар айта алатын нәрселерді ешқай кітап, немесе ешқай психолог атып бере алмауы мүмкін. Бұл жағынан алғанда субъективтіліктің алатын орны феноменология үшін орасан. Феноменологияны зерттегенде себеп пен салдар мәселесі зерттелмейді. Ол осы құбылысты бастан кешіргенде адам қандай күйде болады деген мәселені қарастырады. Бұндай зерттеулер көбіне басты жиынтыққа жалпылауға келмейді. Өйткені ол әркімнің басындағы жеке жағдайлар болғандықтан, ол өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Бірақ сіздің



Кітап: Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі

Дәріс: Сапалық зерттеу әдісі

зерттеуіңіздің нәтижесі болашақта дәл сондай жағдай қайталанғанда қандай әрекеттерге бару керек? Ол жағдайды бастан кешіргендермен қалай жұмыс істеу керек? Психологиялық немесе ментальдық ауытқуларға ұласып кетпеуі үшін ол адаммен қандай қарым-қатынас орнату керек? Және қоғамға ондай адамдардан қандай қауіп төнуі мүмкін, немесе қоғам оларға қалай көмектесе алады деген сұрақтардың жауабын беруге көмегі тиюі мүмкін. Феноменологиялық зерттеулерге мына жағдайлар тән:

1. Феноменологиялық зерттеулер жеке адамдарға аса тәуелді.
2. Феноменологиялық зерттеулер, сондай-ақ, конструктілерге де тәуелді. Конструктілер дегеніміз қоғамда бір нәрсеге қатысты қалыптасып қалған түсініктер. Зерттеуші зерттеу жүргізгенде сол конструктілерден мейлінше таза болуы тиіс. Мысалы, бірден дінге бет бұрғандар сәл психикалық ауытқуға ұшырағандар, немесе өмірден қатты жапа шеккендер деген конструкті бар. Зерттеушінің зерттеу тақырыбы аяқ асты діндар болып кету құбылысын зерттейтін болса, онда ол сұхбаттасып отырған адамның жеке басынан өткізгеніне мән беру керек. Жоғарыда келтірілген конструктілерге сүйеніп, бұл да солай деп өздігінен тұжырым жасай салуына болмайды.

Феноменологияның мықты және осал тұстары

Феноменологиялық тәсілмен зерттеудің өз артықшылықтары бар. Ол басқа зерттеулер ашып бере алмайтын сұрақтарға жауап бере алады. Бірақ феноменологиялық зерттеу жүргізуге қатысты жазылған еңбектер өте тапшы. Көбіне феноменологиялық зерттеуге бағышталған әдебиеттер оны қалай жүргізу керек екенін егжей-тегжейлі баяндап бермейді. Оны сіз өз түйсігіңіз бен жағдайдың дамуына қарап ыңғайлау арқылы жүргізесіз. Мысалы қиын жағдайды бастан кешірген адамнан сұхбат алатын болсаңыз, сол сұхбат онымен қалай әңгімені бастау керек, әңгіме ойдағыдай болмаса, қалай іс-әрекет еткені дұрыс болады деген сияқты мәселелердің шешімін бермейді. Бірақ зерттеу тақырыбыңыздың ерекшелігіне байланысты, кей жағдайларда дәл осы әдіс сіз үшін ең тиімді болуы мүмкін.